

## **"Қазлизинг" жабық акционерлік қоғамын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 15 шілде N 977

Бұрын республикалық бюджеттен бөлінген мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша үкіметтік кепілдіктерді атқаруға бағытталған қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жарғылық капиталында мемлекеттің 100 проценттік қатысуымен "Қазлизинг" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен Қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан 10 000 000 (он миллион) теңге бөлсін.

3. Қоғам қызметінің негізгі бағыттары заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен мемлекеттік емес сыртқы заемдардың қаражатына сатып алынған мүліктің құнын бағалау жөніндегі жұмысқа қ а т ы с у ;

2) мүлікті лизингке, оның ішінде тендерлер өткізу жолымен беруді жүзеге асыру б о л ы п б е л г і л е н с і н .

4. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығын жүзеге асыратын о р г а н б о л ы п б е л г і л е н с і н .

5. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның жарғысын бекітуді және оны мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп заңдарда белгіленген тәртіппен Қоғамға беру үшін ұсынылатын мүліктердің тізбесін айқындасын;

3) осы қаулыдан туындайтын басқа шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.  
Орынбекова Д.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК